



**Техникалық және кәсіптік, орта білімнен
кейінгі білім беру мәселелері жөніндегі
Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің
шешімімен
МАҚҰЛДАНҒАН ЖӘНЕ ҰСЫНЫЛҒАН**

2025 жылғы 10 маусым № 2 хаттама

**Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары
базасында «шағын кәсіпорындар» жұмыс істеуі бойынша
әдістемелік ұсынымдар**

Кіріспе

2024 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы «30» желтоқсанында «Жұмысшы мамандықтарының жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» №1134 қаулысы қабылданды (бұдан әрі – Қаулы), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2025 жылғы «06» қаңтардағы №6, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы «06» қаңтардағы №3, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2025 жылғы 06» қаңтардағы №4 бірлескен бұйрығымен «Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беруді трансформациялау жөніндегі 2025-2027 жылдарға арналған жол картасы» (бұдан әрі – Жол картасы) қабылданды.

Жол картасының 12.2 қадамында «ТЖКБ ұйымдары базасында «шағын кәсіпорындар» құру және олардың жұмыс істеу алгоритмін әзірлеу» көрсетілген.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – ТЖКБ) базасындағы «шағын кәсіпорындардың» жұмысы өндірістік-шаруашылық қызметке және оқу-өндірістік шеберханаларда, оқу шаруашылықтарында, оқу полигондарында және оқу-практикалық учаскелерінде шығарылатын өз өндірісінің тауарларын (жұмыстарын, көрсетілетін қызметтерін) өткізуден табыс табуға бағытталған.

ТЖКБ ұйымының базасындағы «шағын кәсіпорындар» жұмысы келесі мүмкіндіктер береді:

- материалдық-техникалық базаны жаңартуға бағытталуы мүмкін колледжге тұрақты қаржылық түсімдер;
- «шағын кәсіпорындар» жұмысына қатысатын студенттердің практикалық тәжірибе алуы және кәсіпкерлік дағдыларын дамыту;
- жаңа технологиялар мен инновацияларды енгізу, колледждің оқу процесін жаңарту және жетілдіру.

1. Жалпы ережелер

1.1. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары базасында «шағын кәсіпорындар» жұмыс істеуі бойынша әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі – Әдістемелік ұсынымдар) ТжКБ ұйымдары базасында «шағын кәсіпорындар» жұмысын ұйымдастыруға бағытталған.

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты «шағын кәсіпорындар» жұмысы бойынша ТжКБ ұйымдарына практикалық, әдіснамалық көмек көрсету.

1.2. Ұсынымдар мынадай нормативтік актілердің негізгі ережелері мен талаптарына сәйкес әзірленді:

- 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

63-бап. Білім беру ұйымдарының тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) ақылы негізде ұсынуы

9-т. Оқу-өндірістік шеберханалардың, оқу шаруашылықтарының, оқу-тәжірибелік учаскелердің өнімдерін өндіруді және өткізуді ұйымдастыру;

- «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысы

4-п. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының қаржылық орнықтылығын арттыру және нысаналы қолдау.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы есебінен ғана емес, сондай-ақ колледж өндірген өз өнімдерін сатудан түскен кірістер мен жұмыс берушілердің қаражаты есебінен қаржыландырудың икемді моделіне өту нысықталуда. ТжКБ мемлекеттік ұйымдарының, оның ішінде бизнес қаражаты есебінен МТБ нығайту жөніндегі жұмыс жалғасады. Колледждер заманауи жабдықтармен, оның ішінде бизнес қаражаты есебінен жаңғыртылып, жабдықталатын болады.

ТжКБ ұйымдарын оқу шаруашылықтары мен шағын кәсіпорындар (егістіктер, фермалар, жылыжайлар және басқалар) құру жолымен коммерцияландыру дамитын болады. ТжКБ ұйымдары ақылы негізде қызметтерді ұсынатын болады және оқу-өндірістік шеберханаларда, шаруашылықтарда, оқу полигондарында шығарылатын тауарларды өткізетін болады.

- Жол картасының 12-қадамы. ТжКБ ұйымдары базасында «шағын кәсіпорындарды» және «Business startup» студенттік орталықтарын дамыту.

Концепт: құқықтық актілерге ТжКБ ұйымдары базасында «шағын кәсіпорындардың» жұмыс істеуін реттейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу; мемлекеттің 100% жарғылық капиталымен «шағын кәсіпорындарда» өндірілген өнімді өткізу тетіктерін айқындайтын регламенттеуші құжаттарды әзірлеу; студенттерді кәсіпкерлік және басқару дағдыларына оқытуды қоса алғанда, ТжКБ ұйымдарында «шағын кәсіпорындарды» тиімді іске қосу және олардың жұмыс істеуі үшін алгоритм құру

- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, тиісті типтердегі және түрлердегі білім беру ұйымдары қызметінің

үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы

39-т. Оқу-өндірістік шеберханалар, оқу шаруашылықтары, оқу полигондары, құзіреттілік орталықтар – мамандықтар бойынша кадрларды даярлау бейініне қарай жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың оқу жұмыс бағдарламаларының мазмұнын іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында құрылатын кәсіптік білім беру ұйымдарының құрылымдық бөлімшелері.

39-т. 3) өнім шығаруды ұйымдастыруды, шеберханалар үшін құрал-саймандар мен құралдарды, кабинеттер мен зертханалар үшін көрнекі құралдар мен аспаптар жасауды, сондай-ақ жабдықтарды, машиналар мен тетіктерді жөндеуді;

39-т. 4) кәсіпорындарға, ұйымдарға және халыққа ақылы қызметтер көрсетуді қамтамасыз ететін оқу және өндірістік база болып табылады.

- «Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша өз иелігінде қалатын мемлекеттік білім беру мекемелерінің оларды өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсетуі және олардың тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсауы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 24 қазандағы № 541 бұйрығы.

2. ТЖКБ ұйымдарында «шағын кәсіпорындар» жұмысы үшін ұсынылатын шарттар мен талаптар

2.1. «Шағын кәсіпорындар» ТЖКБ ұйымының басшысының бұйрығымен колледж жарғысына тиісті өзгерістер енгізе отырып, құрылымдық бөлімшелер түрінде құрылады.

Құрылымдық бөлімше құру үшін мыналарды қарастыру ұсынылады:

- ТЖКБ ұйымдарындағы «шағын кәсіпорынның» жұмыс атқаратын саласын анықтау;
- «шағын кәсіпорынның» бизнес-жоспарын әзірлеу;
- «шағын кәсіпорынның» өндірістік-шаруашылық қызметі туралы ережені дайындау (1-қосымша, Көкшетау қ. Жоғары техникалық колледжінің дайындаған үлгісінде әзірленген);
- «шағын кәсіпорынның» өндірістік-шаруашылық қызметінің паспортын дайындау (2-қосымша);
- «шағын кәсіпорынның» өндірістік-шаруашылық қызметінің жылдық жоспарын дайындау (3-қосымша);
- «шағын кәсіпорынның» қажетті инфрақұрылымның (өндірістік орын, шеберхана, қажетті жабдықтар, материалдар) болуы;
- тапсырыстар алу және қаржыландыру мүмкіндігін көздейтін жергілікті кәсіпорындармен ынтымақтастық;
- қаржылық қолдау және «шағын кәсіпорын» жұмысына инвестициялар тарту мүмкіндігін қарастыру;
- педагогтер мен студенттерде кәсіпкерлік, маркетинг негіздері сияқты дағдылардың болуын қамтамасыз ету.

2.2. ТЖКБ ұйымдарында «шағын кәсіпорындар» құруды құқықтық қамтамасыз ету үшін мәлімделген «шағын кәсіпорындар» мамандығы бойынша ТЖКБ ұйымының кадрлар даярлау бейінінің сәйкестігін растайтын лицензияның болуы ұсынылады.

3. ТЖКБ ұйымдарының базасында «шағын кәсіпорындар» жұмысының алгоритмі.

Бұл алгоритм ТЖКБ ұйымдарында студенттердің кәсіби дағдыларын дамытуға және білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасын нығайтуға ықпал ете отырып, өндірістік қызметті білім беру процесімен тиімді біріктіруге мүмкіндік береді.

Қадам 1. Ресурстар мен бағыттарды анықтау.

- колледждің қамқоршылық/бақылау кеңесінде ТЖКБ ұйымында «шағын кәсіпорынның» жұмыс істеу нысанын бағалауға және таңдауға байланысты жұмыстарды қарау және бекіту;

- «шағын кәсіпорынның» қажеттіліктеріне бейімделетін оқу шеберханаларын, жабдықтар мен үй-жайларды бағалау;

- қолданыста бар оқу зертханаларды, шеберханаларды, жабдықтар мен үй-жайларды олардың «шағын кәсіпорын» қызметіне бейімделуі тұрғысынан бағалауды жүргізу;

- білім беру бағдарламалары мен нарық қажеттіліктеріне сәйкес келетін өндіріс бағыттарын (*мысалы: құрылыс материалдары, жиһаз өндірісі, ауыл шаруашылығы, жерді өңдеу және дәнді дақылдарды өсіру, жылыжай шаруашылығы, тігін өнімдері, баспа және жарнамалық өнімдер, автокөліктерге техникалық қызмет көрсету, электромонтаждау жұмыстары т.б.*) анықтау.

Қадам 2. Бизнеспен серіктестік.

- тәжірибе алмасу, тапсырыстар алу және ықтимал қаржыландыру мақсатында отандық және шетелдік кәсіпорындармен ынтымақтастық орнату;

- «шағын кәсіпорын» тауарларын (жұмыстарын, қызметтерін) өткізу үшін мемлекеттік сатып алуға қатысу.

Қадам 3. Занды талаптарды орындау.

- ТЖКБ ұйымының жарғысына өндірістік-шаруашылық қызмет және оқу-өндірістік шеберханаларда, оқу шаруашылықтарында, оқу полигондарында және оқу-практикалық учаскелерінде өндірілетін өз өндірісінің тауарларын (жұмыстарын, көрсетілетін қызметтерін) өткізуден кіріс алу бойынша тиісті өзгерістер енгізу;

- «шағын кәсіпорын» қызметінің өнімді өткізу және қаржылық есептілік бөлігінің заңнама талаптарына сәйкестігін нақтылау.

Қадам 4. Өндіріс процесін ұйымдастыру.

- оқу-өндірістік шеберханаларды, зертханаларды, оқу шаруашылықтарын және т.б. қажетті жабдықтармен жарақтандыру және өндірістік процестерді жолға қою;

- өндірістік практикалардың, тағылымдамалардың немесе дуальды оқытудың шеңберінде студенттерді өндіріске тарту;

- қажеттілікке қарай тұлғаларды, сарапшыларды, жұмыс берушілерді, әлеуметтік серіктестерді және/немесе аудан/қала тұрғындарын және басқа да мүдделі тараптарды/тұлғаларды «шағын кәсіпорынның» жұмысына тарту.

Қадам 5. Маркетинг.

- сұранысқа ие өнімді (тауарларды, қызметтерді) анықтау үшін жергілікті нарықтың қажеттіліктерін зерделеу;
- маркетинг стратегиясын әзірлеу, соның ішінде көрмелерге, жәрмеңкелерге қатысу және онлайн платформаларды пайдалану.

Қадам 6. Қаржылық тұрақтылық.

- материалдық шығындарды, еңбекақы төлеуді және басқа шығындарды ескере отырып, қаржылық жоспар құру;
- түскен пайданы ТЖКБ ұйымының материалдық-техникалық базасын жақсартуға, білім беру процесін арттыруға және білім беру ұйымының қызметкерлерін ынталандыруға бағыттау.

Қадам 7. Тиімділікті бақылау және бағалау

- өндіріс көрсеткіштері, студенттерді оқыту және қаржылық нәтижелер бойынша «шағын кәсіпорын» жұмысының тиімділігін үнемі бағалау;
- алынған мәліметтердің, тәжірибелердің, сұраныс пен ұсыныстардың негізінде «шағын кәсіпорын» жұмысын ұйымдастыруға қажетті өзгерістер енгізу;
- Қазақстан Республикасының салық заңнамасын орындау.

(ТЖКБ ұйымының атауы)

Келісемін
Білім басқармасының басшысы
_____ Т.А.Ә.
"___" _____ 20__ ж.

Бекітемін
Колледж басшысы
_____ Т.А.Ә.
"___" _____ 20__ ж.

**ТЖКБ ұйымдары базасындағы «шағын кәсіпорынның» өндірістік-
шаруашылық қызметі туралы
ЕРЕЖЕ**

(бейінін көрсете отырып, шағын кәсіпорынның атауы)

(Елді мекені. Жыл)

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ереже
2. Нормативтік сілтемелер
3. «Шағын кәсіпорын» қызметін жүзеге асыру
4. «Шағын кәсіпорынның» материалдық-техникалық базасы
5. «Шағын кәсіпорынның» қаржы-экономикалық қызметі
6. «Шағын кәсіпорынның» құрылымы және басқару
7. Өзгерістерді әзірлеу және енгізу тәртібі

1. Жалпы ережелер

Колледж базасында «шағын кәсіпорындар» құру туралы ережені (бұдан әрі-Ереже) ТжКБ ұйымының әкімшілігі әзірлейді және осындай кәсіпорындарды құру, жұмыс істеу және басқару процесін реттейді. Бұл «шағын кәсіпорынды» бастау және қолдау үшін қажетті ережелер мен процедураларды анықтайтын құжат.

Ереже сонымен қатар табысты жобалардың үлгілерін, жұмысты ұйымдастыру бойынша ұсыныстарды және студенттер арасында кәсіпкерлік дағдыларды дамыту бойынша кеңестерді қамтуы мүмкін. Әр колледж өз аудиториясының ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, өз ережелерін жасай алады.

«Шағын кәсіпорынды» құрудың мақсаты – студенттердің кәсіпкерлік ойлауын, жобалық және зерттеу жұмысын жүргізу дағдыларын дамыту, инновацияларды енгізуге ықпал ету және колледждің өндірістік-шаруашылық қызметіне қатыстыру арқылы кәсіби қызметке дайындау.

«Шағын кәсіпорынның» міндеттері:

- студенттерді кәсіпкерлік саласындағы практикалық дағдыларға үйрету, кәсіпкерлік ойлауды дамыту және бизнесті тәжірибеде басқару негіздерін игеру;

- тәжірибе алмасу, тағылымдамаларды ұйымдастыру және бірлескен жобаларды іске асыруда кәсіпорындармен және ұйымдармен әріптестік байланыс орнату;

- нарықты талдауды, бәсекелестік ортаны зерттеуді, тұтынушылық сұранысты бағалауды және өнімдерді немесе қызметтерді жылжыту стратегияларын әзірлеуді қоса алғанда, студенттердің зерттеу қызметіне жәрдемдесу;

- оқу-өндірістік шеберханалар, оқу шаруашылықтары, полигондар және оқу-практикалық учаскелер базасында өз өндірісінің тауарларын (жұмыстарын, көрсетілетін қызметтерін) шығаруға және өткізуге байланысты өндірістік-шаруашылық қызметті ұйымдастыру;

- колледждің тұрақты қаржылық түсімдерін қамтамасыз ету, оларды оқу-өндірістік шеберханаларды жаңарту және дамытуға, сондай-ақ «шағын-кәсіпорындар» қызметіне қатысатын ТжКБ ұйымдарының қызметкерлері мен студенттеріне ынталандырушы үстемақылар тағайындауға бағыттау.

2. Нормативтік сілтемелер

2.1. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ.

2.2. 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

2.3. «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысы.

2.4. Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беруді трансформациялау жөніндегі 2025-2027 жылдарға арналған жол картасы (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2025 жылғы «06» қаңтардағы № 6, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 06» қаңтардағы № 3, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2025 жылғы 06» қаңтардағы № 4 бірлескен бұйрығына қосымша).

2.5. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, тиісті типтердегі және түрлердегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы.

2.6. «Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша өз иелігінде қалатын мемлекеттік білім беру мекемелерінің оларды өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсетуі және олардың тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсауы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 24 қазандағы № 541 бұйрығы.

3. «Шағын кәсіпорын» қызметін жүзеге асыру

3.1. «Шағын кәсіпорын» базасында даярлау бағдарламалары бойынша кәсіптік оқыту заңды және жеке тұлғалардың тапсырыстары бойынша дайын өнімді шығару арқылы, ақылы қызметтер көрсетуге шарттар жасасумен жүзеге асырылады.

3.2. «Шағын кәсіпорында» кәсіби білім берудің мазмұны жұмыс берушілердің қажеттіліктерін ескере отырып әзірленген білім беру бағдарламаларына сәйкес анықталады, солардың тапсырыстары бойынша дайын өнім шығарылады.

3.3. Дайын өнімді шығару мүдделі кәсіпорындардың, бірлестіктердің, мекемелердің, ұйымдардың қаражаты (шығыс материалы мен құралын ұсыну), сондай-ақ қызмет көрсетуге арналған үлгілік шартқа сәйкес азаматтардың жеке қаражаты есебінен жүзеге асырылуы мүмкін.

3.4. Бірлескен коммерциялық жобаларды немесе кәсіпорындар үшін жобаларды құру және іске асыру арқылы колледжге әлеуметтік әріптестер кәсіпорындарынан қаражат тарту (біліктілікті арттыру, қайта даярлау, колледждің жарғылық қызметіне қайшы келмейтін бағыттар бойынша қызметтер көрсету).

3.5. Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен біртұтас қаржыландырудан қосымша қаражат көздерін дербес іздеу негізінде көпарналы қаржыландыруға көшу (студенттердің және ИПҚ бизнес-жобалары).

3.6. Өнім өндірудің технологиялық процесі арқылы инновациялық қызмет нәтижелерін өндірістік қызметке немесе тауарды жетілдіруге кезең-кезеңімен енгізу.

3.7. Маркетинг және жарнама стратегиясын әзірлеу, колледж студенттері мен қызметкерлерінің «шағын кәсіпорын» жұмысына назарын аудару (жарнамалық материалдар әзірлеу, әлеуметтік желілерді пайдалану, әртүрлі іс-шаралар мен акцияларға қатысу және т.б.).

3.8. «Шағын кәсіпорындардың» қаржысы мен өндірісінің, тиімділігі мен пайдасының есебін жүргізу. Колледж әкімшілігіне қызмет барысы туралы есептер беру.

4. «Шағын кәсіпорынның» материалдық-техникалық базасы

4.1. «Шағын кәсіпорын» бағдарламалық қамтамасыз етуді, байланыс құралдарын және басқаларын қоса алғанда, қажетті қызметтік үй-жайлармен, техникалық және әдістемелік ресурстармен қамтамасыз етілуге тиіс.

4.2. Әр мамандық бойынша дайын өнім шығаруда кәсіптік оқытуды ұйымдастыруға арналған оқу-өндірістік жабдықтардың, оқыту құралдарының тізбесі болуы тиіс.

4.3. «Шағын кәсіпорынның» материалдық-техникалық базасын құру және дамыту Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өнімдерді және өзге де көздерді өткізу есебінен жүзеге асырылады.

4.4. «Шағын кәсіпорын» өзіне тиесілі материалдық-техникалық базаны тиісті нормативтік талаптар деңгейінде ұстауды қамтамасыз етеді және оны пайдаланудың сақталуы мен тиімділігі үшін жауапты болады.

5. «Шағын кәсіпорынның» қаржы-экономикалық қызметі

5.1. «Шағын кәсіпорынның» қызметі бойынша шығыстарды қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кәсіпорындармен және жеке тұлғалармен жасалған өтінімдер мен шарттар негізінде бюджеттен тыс қаражат, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.

5.2. Қызметтің барлық түрлеріне арналған шығыстар сомасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шығыстар сметаларында көзделген нақты шығындар негізінде айқындалады.

5.3. Қаржы қаражатын жоспарлау үшін негізгі бастапқы деректер дайын өнімді шығаруға арналған өтінімдер мен шарттардың көрсеткіштері (нақты, жоспарлы, болжамды) болып табылады.

5.4. «Шағын кәсіпорын» қызметкерлеріне (*шағын кәсіпорын меңгерушісі, өндірістік оқыту шеберлері, студенттер*) ақы төлеу мөлшерін қолданыстағы штат кестесіне, жұмыс істелген уақыт пен орындалған жұмыс көлемінің табеліне сәйкес колледж басшысы айқындайды.

6. «Шағын кәсіпорынның» құрылымы және басқару

6.1. «Шағын кәсіпорынға» тікелей басшылықты колледж басшысының бұйрығымен лауазымға тағайындалатын және осы лауазымнан шеттетілетін меңгеруші жүзеге асырады.

6.2. «Шағын кәсіпорынның» меңгерушісі колледж басшысына тікелей бағынады, басшының орынбасарларымен жұмысты үйлестіреді.

6.3. «Шағын кәсіпорынның» меңгерушісі басшының оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасарының ұсынысы бойынша тиісті бейіндегі негұрлым білікті мамандар қатарынан тағайындалады.

6.4. «Шағын кәсіпорынның» меңгерушісі:

- «шағын кәсіпорындар» жұмысын ұйымдастырады;
- «шағын кәсіпорынның» өндірістік-шаруашылық қызметінің жоспарын әзірлейді;

- «шағын кәсіпорынның» өндірістік-шаруашылық қызметінің жоспарын іске асырады;

- колледждің басқа бөлімшелерімен, сондай-ақ қала және облыс кәсіпорындарының жұмыс берушілерімен «шағын кәсіпорынның» қызметін ұйымдастыруды жақсартуға қатысты ұсыныстар енгізеді;

- өзінің лауазымдық нұсқаулығына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

«Шағын кәсіпорынның» құрылымы шешілетін міндеттермен және орындалатын функциялармен айқындалады және колледж басшысы бекітетін штат кестесінде көрсетіледі.

«Шағын кәсіпорында» белгіленген тәртіппен негізгі бағыттар бойынша қызметті тиімді ұйымдастыру мақсатында жекелеген құрылымдық бөлімшелер құрылуы мүмкін.

7. Өзгерістерді әзірлеу және енгізу тәртібі

7.1. Ережені «шағын кәсіпорынның» меңгерушісі әзірлейді, өңірдің білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісіледі және ТЖКБ ұйымының басшысы бекітеді.

7.2. Өзгерістер мен толықтырулар қажеттілік бойынша алынған мәліметтер мен тәжірибелердің, сұраныс пен ұсыныстардың негізінде жүзеге асырылады және «шағын кәсіпорынның» меңгерушісі бастамашылық етеді.

(ТЖКБ ұйымының атауы)

Колледж басшысы _____

Т.А.Ә.

« _____ » 20 _____ ж.

**«Шағын кәсіпорынның» өндірістік-шаруашылық қызметінің
паспорты**

(бейінін/саласын көрсете отырып, «шағын кәсіпорынның» атауы)

Мекен-жайы (Орналасқан жері): _____

Басшы / Меңгеруші: _____

(аты-жөні, лауазымы)

(Елді мекені. Жыл)

*** «Шағын кәсіпорынның» паспорты**

1. «Шағын кәсіпорынның» жалпы мәліметтері (*«шағын кәсіпорынның» мақсаты мен функционалдық міндеттері*)

2. «Шағын кәсіпорында» оқыту жүргізілетін мамандықтардың коды және атауы

3. «Шағын кәсіпорынның» техникалық сипаттамалары (*кесте нысанында толтырылады*)

№ р.р.	Аландардың техникалық сипаттамалары	Ағымдағы көрсеткіштер	Ескертпе (<i>«шағын кәсіпорынның» санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға және еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына сәйкестігі</i>)

4. «Шағын кәсіпорын» қызметін қамтамасыз ететін материалдық-техникалық құралдардың тізбесі

р.р.	Материалдық-техникалық құралдардың атауы	Саны	Өндірілген және сатып алынған жылы	№

5. «Шағын кәсіпорын» аландары бойынша жабдықтың техникалық сипаттамалары

№ р.р.	Жабдықтың атауы	Жабдықтың техникалық сипаттамалары

6. «Шағын кәсіпорындардың» іс номенклатурасы

№ р.р.	Құжаттың атауы	Құжаттың болуы

(ТЖКБ ұйымының атауы)

Колледж басшысы _____ Т.А.Ә.
« ____ » _____ 20 ____ ж.

**«Шағын кәсіпорынның» өндірістік-шаруашылық қызметінің жылдық
жоспары**

(бейінін/саласын көрсете отырып, «шағын кәсіпорынның» атауы)

Мекен-жайы (Орналасқан жері): _____

Басшы / Менгеруші: _____

(аты-жөні, лауазымы)

(Елді мекені. Жыл)

«Шағын кәсіпорынның» 20__ жылға арналған жұмыс жоспары

№ р.р.	Іс-шара	Мерзімі	Орындаушы	Аяқталу нысаны